



ЖУРНАЛИСТЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА: ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУІМІЗГЕ БОЛАДЫ?



Қымбатты журналистер, сіздермен үкіметтік емес ұйымдармен (бұдан әрі - ҰЕҰ), оның ішінде әсіресе қайырымдылық қорлармен жұмыс істеу барысында көңіл бөлулеріңіз қажет бірнеше тармақтармен бөліскіміз келеді.

Бұл жадынама сіздерге репортаждарыңызды, сұхбаттарыңызды және мақалаларыңызды сенімді ұйымдармен дайындауға көмектеседі деп сенеміз.

1. ҰЙЫМНЫҢ ДЕРЕКТЕРІН ТЕКСЕРУ

ҰЕҰ-ның ресми тіркелуі, оның қалаушысы, жетекшісі, қамқоршылар кеңесі туралы ақпаратты мемлекеттік органдардың сайттарынан тексеріңіз.

2. «ҰЕҰ ДЕРЕКҚОРЫНДА» МӘЛІМЕТТІҢ БОЛУЫ

Еліміздегі көп ұйымдар осы дерекқорда тіркелген. «ҰЕҰ Дерекқорына» мәлімет ұсыну мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламаларды және (немесе) әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ ҰЕҰ үшін сыйлық алуға арналған конкур-сқа қатысатын ұйымдар үшін міндетті.



3. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ТАЛДАУ

Аккаунттың ашылған уақыты мен белсенділігін тексеріңіз. Егер ұйым 5 жыл бойы жұмыс істеп келеді деп мәлімдесе, бірақ парақшасында тек бірнеше жазба болса, бұл күмән тудыруы мүмкін. Контент сапасына назар аударыңыз: есептер, шынайы оқиғалар жариялана ма, ұйым аудиториямен өзара әрекеттесе ме?

4. МАНИПУЛЯЦИЛЫҚ КОНТЕНТ

Мына жағдайларда сақ болыңыз:

- Жазбаларда артық эмоциялы тіл қолданылып, кінә сезімін тудыруға бағытталса.
- Шок тудыратын суреттер, нақты деректері жоқ әсерлі оқиғалар жиі кездессе.
- Қаражат аударуға асықтыратын, бірақ қайда жұмсалатынын түсіндірмейтін үндеулер басым болса.

Жүйелі және тұрақты жұмыс істейтін сенімді ұйымдар этикалық қағидаларды сақтайды және өзінің

бенефициарларына, серіктестеріне, аудиторияға құрметпен қарайды.

5. ҰЙЫМ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Адал үкіметтік емес ұйым төмендегі ақпараттарды жасырып қалмайды:

- Тіркеу құжаттары.
- Ұйым қызметі туралы жылсайынғы есеп.
- Байланыс деректері мен мекенжайы.

Осы деректердің болмауы – ұйымның сенімділігіне күмән тудыратын белгі.

6. НАҚТЫЛАУШЫ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРУ САПАСЫ

Егер ұйым өкілдері: Сұрақтардан жалтаратын болса; Агрессивті түрде жауап берсе; Жиналған қаражаттың нақты қалай жұмсалатынын түсіндіре алмаса – ұйымның адалдығына күмән келтіруге негіз бар. Сенімді ұйым кері байланысты уақытылы және сапалы береді. Ұйым қызметі және жобалары туралы ақпаратпен және жұмысына байланысты сұрақтарға кәсіби және жылдам жауап береді.

7. ҰЙЫМНЫҢ САЙТЫН ТЕКСЕРУ

Сайтта бар ақпаратты мұқият оқып шығу керек. Мысалы, сайтта қаржылық түсімдер мен шығындар туралы ақпарат бар ма? Жүзеге асырылған жобалар бойынша есептер/баяндамалар жариялана ма? Кері байланыс үшін байланыс деректері көрсетілген бе?

8. ЕГЕР ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРДІ ЖИНАЙТЫН ҰЙЫМ НЕМЕСЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОР БОЛСА:

Сенімді ұйымдар қаражатты ұйымның ресми шотына жинайды немесе ресми краудфандинг платформаларын қолданады.